



**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ**

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**ҚАУЛЫ**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

№ 47-18

«24» желтоқсан 2020 жыл

Қарағанды қаласы

**Қарағанды облысының Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы  
17 қазандағы №39-қ қаулысына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Мен, Қарағанды облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Ю.Л. Залыгин Қазақстан Республикасында, оның ішінде Қарағанды облысында COVID-19 (бұдан әрі - КВИ) ауруы бойынша материалдарды қарап, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 9, 38, 104-баптарына, Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысының хаттамасына сәйкес, облыста КВИ таралуының алдын алу мақсатында **БЕКІТЕМІН:**

**1. «Қарағанды облысында шектеу іс-шараларын күшейту туралы»  
Қарағанды облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020  
жылғы 17 қазандағы № 39 – қ қаулысына (бұдан әрі-қаулы) өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу:**

1) қаулының 3-тармағының 10-тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:  
«бұқаралық іс-шараларды (мерекелік іс-шараларды, спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды, конференцияларды, семинарларды, көрмелерді, форумдарды, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салынсын. 2020 жылғы 25 желтоқсан мен 2021 жылғы 5 қаңтар аралығындағы кезеңде ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, оның ішінде жаңа жылдық ертеңгіліктерді, мерекелік корпоративтерді ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салынсын;»;

**2) қаулының 6-тармағы келесі редакцияда толықтырылып жазылсын:**

«Залда 50-ден аспайтын отыратын орын, сауда ойын-сауық орталықтарында, сауда үйлерінде, сауда желілерінде, жабық азық-түлік және азық-түлік емес базарларда (жеке үй-жайларда) орналасқан қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметін толымдылығы 30% - дан аспайтын, 1 келушіге 4 ш. м сақтау шартымен, ұжымдық іс-шаралар өткізбей-ақ рұқсат етілсін, жұмыс күндері, мереке және демалыс күндері - 24-00 сағатқа дейін жұмыс істеуге, сондай-ақ осы қаулыға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес әлеуметтік қашықтықты, маскалық режимді, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, фуд-корттардың тек қана тамақты шығаруға және жеткізуге (тамақтану залын ұйымдастырмай, үстелдерді орналастырмай) жұмыс істеуге рұқсат етілсін. **Қоғамдық тамақтану объектілерінің тамақты жеткізу мен алып кету бойынша жұмыс істеуіне уақыт шектеуінсіз рұқсат етіледі;**

**3) қаулының 41-тармағының 3-тармақшасы келесі редакцияда толықтырылып жазылсын:**

«бұқаралық іс-шараларды (мерекелік іс-шараларды, спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды, конференцияларды, семинарларды, көрмелерді, форумдарды, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салу. 2020 жылғы 25 желтоқсан мен 2021 жылғы 5 қаңтар аралығындағы кезеңде ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, оның ішінде жаңа жылдық ертеңгіліктерді, мерекелік корпоративтерді ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салынсын;»;

**4) қаулының 44-тармағының атауы келесі редакцияда жазылсын:**

**«Қарағанды облысының қалалары мен аудандарының әкімдері, кәсіпкерлік басқармасы, Қарағанды облысының Кәсіпкерлер Палатасы, кәсіпкерлік субъектілері:»;**

**5) қаулының 44-тармағының 1-тармақшасы келесі редакцияда толықтырылып жазылсын:**

«объектілерде санитариялық-эпидемиологиялық режимді сақтау жөніндегі белгіленген талаптарды және Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер қаулыларының талаптарын мүлтіксіз орындау»;

**6) қаулының 1- қосымшаның 5- тармағының 2- тармақшасы келесі редакцияда толықтырылып жазылсын:**

«азық-түлік супермаркеттері мен дүкендері (бірінші қажеттіліктегі тауарларды сату құқығымен)»;

**7) қаулыға 1-қосымшаның 5-тармағының 5-тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:**

«залда 50-ден аспайтын отыратын орны бар үй-жайда қоғамдық тамақтандыру объектілері, сондай-ақ сауда-ойын-сауық орталықтарында, сауда үйлерінде, сауда желілерінде, жабық азық-түлік және азық-түлік емес базарларда (жеке үй-жайларда) орналасқан қоғамдық тамақтандыру объектілері (жеке үй-жайларда) толымдылығы 30% - дан аспайтын жағдайда, 1 келушіге 4 ш. м сақталған жағдайда, ұжымдық іс-шаралар өткізілмей, жұмыс күндері, мереке және демалыс күндеріндегі жұмыс уақыты 24-00 дейін, сондай-ақ тек тамақтану және тамақ

жеткізу үшін жұмыс істейтін фуд-корттары (тамақтану залын ұйымдастырмай, үстелдерді орналастырмай), осы қаулыға 4 және 5 - қосымшаларға сәйкес әлеуметтік қашықтықты, маска режимін, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып жүргізіледі. Қоғамдық тамақтану объектілерінің тамақты жеткізу мен алып кету бойынша –жұмыс уақыты шектеусіз;»;

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы қаулы 2020 жылғы 25 желтоқсан сағат 00-00-ден бастап күшіне енеді.

Қарағанды облысының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері

Ю.Л. Залыгин

